

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйрету.

Түсіндірме жазба

Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балаларға қазақ тілін үйрену уақыт талабы болып табылады. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілді ерте үйрету баланың зияткерлік қабілеттерін дамытуда ғана емес, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрлерін, ауызша шығармашылығын зерделеуді де қамтиды.

2024-2025 оқу жылына арналған перспективалық жоспар және циклограмма Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №8 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған Әдістемелік ұсынымдар негізінде құрылған (1-2 қосымша)
http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/10/mr_ob_kaz_06.pdf

Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін үйретуде арнайы ұйымдастырылған іс-әрекетке мән беріледі. Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет балалардың жас ерекшеліктерін, психофизикалық ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланған.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрену бойынша сағат саны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында (ҚР ОАМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы) «Қазақ тілі» ортаңғы және ересек топтарда – аптасына 1 рет; мектепалды топта – аптасына 2 сағат) қарастырылған.«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бағдарламаның мазмұнын меңгеруде балада коммуникативтік құзыреттілік негіздерін қалыптастыруға, дыбыстарды дұрыс айтуға, негізгі лексикалық және сөздік қордың жинақталуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет балалар үшін қызықты түрде өткізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында Коммуникативтік дағдыларды дамыту параграфында (ҚР ОАМ 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы) ұсынылған қазақ тілінің мазмұнына сәйкес жас топтары бойынша жоспарланған.